

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алшынбаева Молдир Айдосовнаның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Р /Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Алшынбаева Молдир Айдосовнаның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде) деп аталған диссертациялық жұмысы қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісін салғастырмалы негізде сараптауға арналған. Зерттеу жұмысының қазіргі тіл ғылымының негізгі даму бағыттары салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі, этнолингвистика салаларымен сабақтастығы айқын. Екі өзара туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісі, олардың мәні, сәйкестіктері мен ерекшеліктері, универсалды түсініктердің қалыптасуы, оның себеп-салдары тәрізді мәселелер салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімі және этнолингвистика салалары аясында сарапталған. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс салғастырмалы тіл біліміндегі маңызды әрі өзекті мәселелердің бірін талдауға арналған және зерттеу нысаны бірнеше саланың сабақтастығы негізіндегі кешенді зерттеу деп айтуға толық негіз бар.</p> <p>Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы, сондай-ақ:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы, ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025</p>

			жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы) сәйкес келеді.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Өзара туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдардың тілдік табиғаты, универсалды түсініктердің қалыптасуы, оның себеп-салдары, киелі ұғымдарға қатысты топонимдік атаулар, тұрақты тіркестер, олардың этнолингвистикалық мәні тілдік. археологиялық, этнографиялық, мифологиялық деректер негізінде анықталған. Жоғарыда аталғандар және екі тілдегі киелі ұғымдардың алғаш рет арнайы зерттелуі жұмыстың өзектілігін, маңыздылығын көрсетеді және зерттеу нәтижелері салғастырмалы тіл білімінің теориясы мен практикасына елеулі үлес қосады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның кіріспе бөлімі және негізгі тараулары мен қорытындысында жүйелілік, бірізділік, сабақтастық принциптері қатаң сақталған. Ізденушінің тілі ғылыми стильге бейімделген. Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай. Өзара туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісін, универсалды түсініктердің қалыптасуының себеп-салдарын, киелі ұғымдарға қатысты топонимдік атауларды, тұрақты тіркестерді, олардың этнолингвистикалық мәнін анықтау барысында зерттеу нысанына қатысты ғылыми теориялар басшылыққа алынған, тілдік, археологиялық, этнографиялық ғылыми еңбектерге сілтеме жасалған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелеріне байланысты тұжырымдар жасау барысында ізденушінің өзіндік ұстанымдары мен ғылыми көзқарасы айқын көрінеді. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар. Ізденуші М.А. Алшынбаеваның диссертациялық жұмысын өзі жазу қағидаты тұрғысынан жоғары деп бағалаймыз.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісінің отандық салғастырмалы тіл білімінде алғаш рет арнайы қарастырылуы, зерттеу барысында қол жеткізілген нақты ғылыми нәтижелері жұмыстың өзектілігінің, ғылыми жаңалығының көрсеткіші болып табылады. Диссертациялық жұмысты ішкі бірлігі

		айқын, логикалық байланысы сақталған, жүйелі орындалған ғылыми жұмыс деп айтуға толық негіз бар. Тақырыптың өзектілігі <b>негізделген</b> , ғылыми нәтижелері айқын және ізденуші зерттеуінің өзіндік ерекшелігін ғылыми- концептуалды және методологиялық тұрғыдан дәлелдей алған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеу жұмысы бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыдан сабақтаса байланысқан үш бөлімнен тұрады. Диссертацияның әр бөлімінде қарастырылған мәселелер ғылыми тұрғыдан шешімін тапқан, жұмыстың мазмұны диссертация <b>тақырыбын</b> толыққанды <b>айқындайды</b> .
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері өзара сабақтас, жүйелі құрылған және диссертацияның тақырыбына толығымен <b>сәйкес келеді</b> .
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Жұмыстың <b>кіріспе</b> бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері анықталған, ғылыми жаңалығы негізделіп, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар нақтыланған, жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеудің дереккөздері мен әдіс-тәсілдері айқындалған. Диссертацияның «Киелі ұғымының зерттелу тарихы және әдіснамалық негізі» атты <b>бірінші</b> бөлімінде киелі ұғымына анықтама беріліп, мәні айқындалған, интерпретация, яғни түсініктеме берілген, қазақ, орыс тіл білімінде зерттелуі сарапталған. Ағылшын тіліне қатысты Г.А.Казаковтың ағылшын тіліндегі сакралды лексиканы орыс тілімен салғастыра зерттеген еңбегі жөнінде айтылған. Алдағы уақытта осы маңызды мәселенің кеңірек зерттелгені дұрыс деп есептеймін. Диссертациялық зерттеудің «Сандардың киелілік табиғаты» атты <b>екінші</b> бөлімінде бір, екі, үш, төрт, жеті, он екі сандарының қазақ

		<p>және ағылшын тілдеріндегі репрезентациясы қарастырылып, ізденушінің өзіндік пайымдаулары мен ұсыныстары да берілген.</p> <p>«Киелі жануар ұғымы» деп аталған үшінші бөлімде жылқының, ит пен бөрінің/қасқырдың киелілік сипаты, оларға қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер, олардың этнолингвистикалық мәні анықталған.</p> <p>Қорытынды бөлімде дәстүрлі түрде зерттеу жұмысына қатысты тұжырымдар қамтылған.</p> <p>Қорыта айтқанда, диссертацияның бөлімдері арасында <b>логикалық байланыс бар</b>, зерттеу нәтижелері бірін-бірі толықтырады, ғылыми тұрғыдан дәйектелуі жоғары.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) екі тілге қатысты тілдік материалдар негізінде дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланған. <b>Сыни талдауы да</b>, ізденушінің өзіндік ұстанымы да бар. Мысалы, «Үш санының ертегіде көптеп кездесуі, үш концентрлі символдың Еуразия даласында кең таралуы – ортақ түсініктерден қалыптасуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі, ертегісіндегі «үштік» мотивтердің бастапқы уәжі дінге байланбаған. Сол себепті де ағылшын ертегілеріндегі «үштікті» христиан дінімен байланысты ету негізсіз деп санаймыз» (49-б.) деген пікірін автордың өз зерттеуіне негізделген тұжырым деп танымыз.</p> <p>Автордың «Біздіңше, ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты тұрақты тіркестердің <i>басты айырмашылығы</i> – қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестердің мәні, шығу тарихы халықтың өмір жолынан, дәстүрінен, көшпелі мәдениетінен мол ақпарат беретіндігінде» (84-б.), «Осы мысалдардан-ақ қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер халықпен бірге жасасып келе жатқанын, ұлттың бүкіл өміріне араласатынын байқау қиын емес, ал ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер мұндай әсер қалдырмайды» (85) деген пікірі әлі де зерттей түсуді талап етеді. Себебі, зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, тұрақты тіркестердің басым көпшілігі белгілі бір халықтың тарихынан, мәдениеті мен дінінен мол мағлұмат береді деп айта аламыз.</p>

			<p>Ізденушінің ғалым Б.Хасеновтің «дүниенің төрт бұрышы туралы ұғымды бір халықтың авторлығына телу дұрыс болып саналмайды деген пайымдауын негізге ала отырып, біздің ойымызша да, жер – квадрат (төртбұрыш), аспан – шеңбер деген қытайлардың мәдениетінде ерекше орын алғанымен, ол – универсалды түсінік» деген (51-б.) ұстанымын қолдаймыз. Жұмыста осындай тарихи, мифологиялық және тілдік деректер негізінде дәлелденген тұжырымдары баршылық.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысында екі өзара туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісі, олардың мәні, сәйкестіктері мен ерекшеліктері, универсалды түсініктердің қалыптасуы, оның себеп-салдары тәрізді мәселелер салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімі және этнолингвистика салалары тұрғысынан алғаш рет арнайы зерттеліп отыр. Сондықтан зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп айтуға негіз бар.</p> <p>Мысалы, киелі ұғымдар қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де зерттеліп келеді, алайда диссертациялық жұмыста өзара туыс емес екі тілдегі киелі ұғымдар алғаш рет жүйелі түрде, салғастырмалы негізде сараптальп отыр; екі тілдегі киелі сандар метафизикалық сипатта алғаш рет салғастырыла талданған. Отандық және шетел тіл білімінде жылқы малына, итке, бөріге (қасқырға) қатысты киелі ұғымдар кешенді түрде жан-жақты зерттелген. Дегенмен қарастырылып отырған жұмыста екі тілдегі киелі ұғымдардың мәні, сәйкестіктері мен ерекшеліктері, универсалды түсініктердің қалыптасуы, киелі ұғымдар негізінде қалыптасқан топонимдік атаулар, тұрақты тіркестер салғастырыла талданған. Автордың салғастырмалы зерттеудің нәтижесінде Британ аралдарына барған «қасқыр» рулы елдің көшпелі халықтармен байланысы бар екені туралы болжамы да негізсіз емес деп есептеймін. Себебі, шетел және отандық тіл білімінде (Ө.Ахметов) байырғы америкалықтардың (үндістердің)</p>

		<p>азиялық тегін антропологиялық, археологиялық, генетикалық, лингвистикалық зерттеулер арқылы дәлелдеген зерттеулер бар.</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>Қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың тілдегі көрінісі, олардың мәні, сәйкестіктері мен ерекшеліктері, универсалды түсініктердің қалыптасуы, оның себеп-салдары тәрізді мәселелер салғастырмалы, салыстырмалы тіл білімі және этнолингвистика салалары тұрғысынан алғаш рет арнайы зерттеліп отырғандықтан, диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>«Киелі ұғым тек дінге ғана тәуелді емес, ол – табиғатты, қоршаған ортаны қастерлеумен байланысты туындайтын түсініктердің жиынтығы. Сол себепті киелі ұғымды талдауда метафизикалық интерпретацияны пайдаланған абзал. Бұл киелі ұғымның табиғатын тереңінен түсінуге мұрындық бола алады»</i> деген бірінші тұжырымын жаңа деп танымын. Әрине киелі ұғымның тек дінге ғана тәуелді еместігі жөнінде көптген зерттеулерде айтылған, дегенмен киелі ұғымды талдауда метафизикалық интерпретацияны пайдаланудың тиімділігін ізденуші нақты деректердің негізінде дәлелдейді.</p> <p><i>«Ағылшын және қазақ тіліндегі киелі сандардың түпкілікті мәні – киелі кіндік, «әлем бейнесі» түсініктерімен тікелей байланысты. Метафизикалық түсінікте барлық сан кіндіктен (бірден) басталады. Кіндік пен шеңбердің байланысы екілік түсініктерді, инициациялық үш саты түсінігі үшке қатысты ұғымдарды, дүниенің төртбұрышы ұғымы төрттік түсініктерді, кіндікке жетудің біліммен байланысты сатылары жетілік ұғымдарды және кіндік пен 12-нің қатынасы он екіге қатысты циклдік түсініктерді қалыптастырған»</i> деген тұжырымы жаңа.</p> <p><i>«Зерттеу жұмысындағы тілдік, этнографиялық деректер жылқыны алғаш қолға үйретуші үнді-еуропалықтар деген болжамға күмәнмен</i></p>
--	--	--

		<p>қарауға болатынын байқатады. Мәселен, үнді-еуропалық тілдің біріне жататын ағылшын тілінде жылқыға қатысты киелі мағыналар кездеспейді әрі топонимикалық атаулар, ұлттық танымды көрсететін өшем бірліктері (бие сауым, ат шаптырым, т.б.), жылқының жынысына, жасына байланысты атаулар жоқтың қасы» деген тұжырымын да жаңа деп танымыз.</p> <p>Иттің ежелгі заманнан киелі жануар санатына жататыны жөнінде көптеген археологиялық, этнографиялық т.б. зерттеулерде айтылған, дәлелденген. Сондықтан да автордың «Ит ежелгі заманнан бері киелі жануар санатына жатады. Оны зерттеуде көрсетілген мифтік деректер, археологиялық зерттеулер айғақтай алады. Көнетанымдық ит культінің негізгі киелілік мәндері – ағылшын тіліндегі <i>a dirty dog, it is a dog's life</i>, қазақ тіліндегі <i>ит жанды, ит – жеті қазынаның бірі</i> т.б. тұрақты тіркестерде кодталған» деген тұжырымын жартылай жаңа деп есептейміз.</p> <p>«Екі халық үшін де қасқыр киелі жануарлардың бірі ретінде танылады. Англо-саксондық әулеттердің шежіресінде «Вуффа» (<i>Wuffa</i>) деп аталатын әулеттің негізін қалаушының есімі және оның «вуффингтер» (<i>Wuffings</i>), яғни қасқыр адамдар деп аталатын тайпасының аты жазылған. Ал қазақтардың бөріден тарайтыны туралы көптеген аңыздар, жырлар сақталған. Кейбір герман тілдерінде <i>luchthopp</i> (қасқыр терісі), <i>ulfhedinn</i> (пальто, қасқыр терісі) деген секілді сөздерде түркінің <i>тон</i> деген сөзі арқылы жасалған. Осындай деректерге қарап, англосаксон кезеңіндегі бөрі культі көшпелі түркі халықтарынан тамыр тартуы мүмкін» деген тұжырымын тың зерттеуге негізделген, жаңа деп тануға болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>

		<p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Зерттеу жұмысының қорытындылары тіл біліміндегі теорияларға сүйену, тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді зерделеу, нақты тілдік деректерді сараптау негізінде тұжырымдалған. Олар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге, атап айтсақ, <b>тілдік, тарихи, мәдени, мифологиялық деректерге негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары.</b>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;</p>	<p>7.1 Зерттеу жұмысында берілген қағидаттар нақты мифологиялық, тілдік деректер, екі тілден келтірілген мысалдар арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес, себебі зерттеу нысаны салғастырмалы негізде арнайы зерттеліп отыр.</p> <p>7.3 Қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа. Себебі екі тілдегі киелі сандар метафизикалық сипатта алғаш рет салғастырыла талданған.</p> <p>7.4 Қорғауға ұсынылған қағидаттардың қолдану деңгейі кең, себебі киелі ұғымдар салғастырмалы, салыстырмалы тіл білімі, этнолингвистика, фразеология салалары аясында зерттелген.</p> <p>7.5 Диссертациялық тақырып аясында 11 ғылыми мақала жарияланған. ҚР БЖҒМ бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, Қазақстанда және шет елдерде орын алған халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында 4 мақала, шетелдік ғылыми журналдарда 2 және Scopus дерекқорына</p>



		2) жоқ	енетін журналдарда 1 мақала жарық көрген. Ғылыми мақалаларда қорғауға ұсынылған қағидаттар дәлелденген.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының әдіснаманы таңдауы ғылыми-практикалық тұрғыдан негізделген және екі тілдегі киелі ұғымдарды жан-жақты зерттеу барысында сипаттама, салыстырмалы, салғастырмалы, т.б. әдістер мен жүйелеу, талдау, түсіндіру тәсілдерінің тиімді қолданылғандығы <b>нақты жазылған.</b>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде <b>алынған.</b> Жұмыста 9 кесте және 23 сурет қамтылған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық қорытындылары мен нәтижелері, анықталған өзара байланыстар мен тілдік заңдылықтар екі тілдің лексикалық бірліктері, тұрақты тіркестері негізінде <b>дәлелденген.</b>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік, тарихи, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы <b>расталған.</b>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға <b>жеткілікті.</b>

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеудің теориялық тұжырымдары салғастырмалы тіл білімінің, салғастырмалы фразеологияның, паремиологияның, этнолингвистиканың теориялық негізіне үлес қоса алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы салғастырмалы тіл білімі, лексикология, салғастырмалы фразеология, этнолингвистика тәрізді пәндерді оқытуда тиімді пайдалануға болады. Сондай-ақ қос тілді, көп тілді сөздіктерді, түсіндірме сөздіктерін түзуде септігін тигізері айқын.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен практикалық талдаулары, ұсыныстары <b>толығымен жаңа</b> .
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеу материалының рәсімделуі мен академиялық жазу сапасы диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді және <b>жоғары</b> деп бағалауға болады.

Ресми рецензент:

**1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөнінде шешімді қабылдады.**

Алшынбаева Молдир Айдосовнаның «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы

диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалу деңгейі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді деп бағалай отырып, оның авторы Алшынбасва Молдир Айдосовнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

**Рецензент:**

филология ғылымдарының докторы  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры



Сәтенова С.К.

